ҚАЗАҚСТАН РЕСПУБЛИКАСЫНЫҢ АТЫНАН
Ш Е Ш І М

2026 жылғы 29 мамыр №4360-26-00-2/633 іс Қызылорда қаласы

Қызылорда облысының мамандандырылған ауданаралық экономикалық соты құрамында:
төрағалық етуші судья С. Умарсирикова,
сот отырысының хатшылығында Г. Таженованың отыруымен,
мобильді бейнебайланыс құрылғысы арқылы ашық сот отырысында қойылған талап бойынша электронды форматтағы азаматтық істі қарады:

ТАЛАП ҚОЮШЫ:
Қазалы ауданының қоғамдық даму бөлімінің коммуналдық мемлекеттік мекемесінің «Жастар ресурстық орталығы» коммуналдық мемлекеттік мекемесі

ЖАУАПКЕР:
Дара кәсіпкер «ТҚО» атынан әрекет етуші Дархан Темірбекұлы Әбжамиев

ТАЛАП ҚОЮШЫНЫҢ ТАЛАПТАРЫ:
1. Мемлекеттік сатып алуға жосықсыз қатысушы деп тану туралы
2. Тұрақсыздық айыбын өндіру туралы

СОТҚА ҚАТЫСҚАНДАР:
прокурор Л. Сырбайқызы
талап қоюшының өкілі А. Сағынаева

<u>СИПАТТАУ БӨЛІГІ:</u>

2026 жылдың 9 ақпанда талап қоюшы Қазалы ауданының қоғамдық даму бөлімінің коммуналдық мемлекеттік мекемесінің «Жастар ресурстық орталығы» коммуналдық мемлекеттік мекемесі (Тапсырыс беруші) мен жауапкер дара кәсіпкер «ТҚО» атынан әрекет етуші Дархан Темірбекұлы Әбжамиевтің (Өнім беруші) арасында №170140014791/260018/00 тауарларды мемлекеттік сатып алу туралы шартын (бұдан әрі - Шарт) жасаған.

Шарттың 2.1-тармағына және қосымшаларына сәйкес, жауапкер жалпы сомасы 110 000 теңгеге талап қоюшыға келісім шарт күшіне енген күннен бастап күнтізбелік 16 күн ішінде 55 буда кеңсе жабдығына арналған қағаз тауарын, яғни 2026 жылғы 26 ақпанда жеткізуге міндеттенген.

Алайда жауапкер талап қоюшыға тауарын жеткізбеген, яғни Шарт міндеттемесін орындамаған.

Талап қоюшы сотқа жоғарыдағы талабымен жүгініп, Шарт бойынша міндеттемелерін орындамауына байланысты жауапкерді мемлекеттік сатып алудың жосықсыз қатысушысы деп тану және 2 860 теңге тұрақсыздық айыбын өндіруді сұраған.

Жауапкер сотқа пікір ұсынбаған.

Сотта талап қоюшының өкілі талабын қанағаттандыруды сұрады.

Алғашқы сот отырысында қатысқан жауапкер талап қоюды мойындаған, тауарды жақын арада жеткізетінін және тұрақсыздық айыбын төлеуді қарсы еместігін көрсетті.

Іске қатысушы прокурор талап қоюы қанағаттандыруға жатады деген қорытынды берді.

<u>УӘЖДЕУ БӨЛІГІ:</u>

№1 талабы бойынша.

Қазақстан Республикасының Азаматтық кодекстің (бұдан әрі - АК) 349-бабының 1-тармағына сәйкес, міндеттемені орындамау, не тиісті дәрежеде орындамау (мезгілінде орындамау, тауарлар мен жұмыстарды толық орындамау, міндеттеме мазмұнында белгіленген басқа жағдайларды бұзып орындау) - тиісінше орындамау оның бұзылуы деп түсініледі.

«Мемлекеттік сатып алу туралы» 2024 жылғы 1 шілдедегі Қазақстан Республикасының Заңының 8-бабының 4-тармағының 4) өздерімен жасалған шарттар бойынша өз міндеттемелерін тиісті түрде орындамаған өнім берушілердің мемлекеттік сатып алуға жосықсыз қатысушылар тізіліміне енгізіледі.

Осы тармақтың бірінші бөлігінің 3) тармақшасында көрсетілген жағдайда тапсырыс беруші шарт бұзылған не шарттың қолданылу мерзімі өткен күннен бастап күнтізбелік отыз күннен кешіктірмей, осындай өнім берушіні мемлекеттік сатып алуға жосықсыз қатысушы деп тану туралы талап қоюмен сотқа жүгінуге міндетті.

Сот, талап қоюшының өкілінің түсінігін, прокурордың қорытындысын тыңдап, азаматтық іс материалдарын зерттеп, дауды шешу үшін маңызды мән-жайларды анықтап, келесі қорытындыға келеді.

Іс құжаттарынан анықталғандай, жауапкер Шарт міндеттемесін орындамаған, талап қоюшының тапсырысы бойынша тауарды көзделген уақытта жеткізбеген, бұл істегі Шартпен және оның қосымшаларымен, мемлекеттік сатып алу туралы веб портал арқылы хаттарымен т.б. құжаттармен дәлелденеді.

Жауапкер талап қоюшының талап қоюға сәйкес жоққа шығаратын дәлелдер ұсынбаған.

Құжатқа қол қойылған: Умарсирикова С. С., 29.05.2026
Заңды күшіне енген күні: 30.06.2026, судья Умарсирикова С. С., 30.06.2026
4360-26-3-1/686

Осы анықталған жағдайда, сот талап қоюшының жауапкерді мемлекеттік сатып алудың жосықсыз қатысушысы деп тану талабы негізді, қанағаттандырылуға жатады деп тұжырымдайды.

№ 2 талабы бойынша:

АК-нің 298-бабының талабына сай, міндеттемені бұзғаны үшін борышқор жауапқа тартылатын жағдай болған кезде міндеттеменің орындалмағаны немесе тиісінше орындалмағаны үшін айып өндіріп алынады.

Шарттың 7.3-тармағына сәйкес 7.3 Тауарды жеткізу мерзімін өткізіп алған жағдайда, Тапсырыс беруші Өнім берушіден ол міндеттемелерін толық орындамаған жағдайда мерзімі өткен әрбір күн үшін шарттың жалпы сомасының 0,1 % мөлшерінде тұрақсыздық айыбын (айыппұл, өсімпұл) ұстайды (өндіріп алады) не міндеттемелерін тиісінше орындамаған (ішінара орындамаған) жағдайда мерзімі өткен әрбір күн үшін орындалмаған міндеттемелер сомасының 0,1 % мөлшерінде тұрақсыздық айыбын (айыппұл, өсімпұл) ұстайды (өндіріп алады). Бұл ретте тұрақсыздық айыбының (өсімпұл) жалпы сомасы Шарттың жалпы сомасының 15 %-ынан аспауға тиіс деп көзделген.

Жауапкер тұрақсыздық айыбын төлеуге қарсы еместігін көрсетті.

Сотта жауапкердің өз міндеттерін орындамауы дәлелденгендіктен және талап қоюшының тұрақсыздық айыбын есебі Шарттың 7.3-тармағына сәйкес дұрыс есептелгендіктен (2026 жылдың 1 мен 26 мамыр аралығына 110 000 теңге*0,1%*26 күн) 2 860 теңге тұрақсыздық айыбын өндіру туралы талабы қанағаттандырылуға, жауапкерден мемлекет пайдасына тұрақсыздық айыбы өндірілуге жатады.

Қазақстан Республикасының Азаматтық процестік кодексінің (бұдан әрі – АПК) 117-бабына сәйкес сот шығыны-мемлекеттік баж сомасы жауапкерден мемлекет кірісіне өндірілуге жатады.

<u>ҚАРАР БӨЛІГІ:</u>

АПК-нің 223-226-баптарын басшылыққа ала отырып, **сот**

ШЕШІМ ЕТТІ:

Талап қоюшы Қазалы ауданының қоғамдық даму бөлімінің коммуналдық мемлекеттік мекемесінің «Жастар ресурстық орталығы» коммуналдық мемлекеттік мекемесінің жауапкер дара кәсіпкер «ТҚО» атынан әрекет етуші Дархан Темірбекұлы Әбжамиевке мемлекеттік сатып алуға жосықсыз қатысушы деп тану және тұрақсыздық айыбын өндіру туралы талап қоюы қанағаттандырылсын.

Құжатқа қол қойылған: Умарсирикова С. С., 29.05.2026

Заңды күшіне енген күні: 30.06.2026, судья Умарсирикова С. С., 30.06.2026

Жауапкер дара кәсіпкер «ТҚО» атынан әрекет етуші Дархан Темірбекұлы Әбжамиев мемлекеттік сатып алудың жосықсыз қатысушы деп танылсын.

Жауапкер дара кәсіпкер «ТҚО» атынан әрекет етуші Дархан Темірбекұлы Әбжамиевтен мемлекеттік кірісіне 2 860 (екі мың сегіз жүз алпыс) теңге тұрақсыздық айыбы және 2 252 (екі мың екі жүз елу екі) теңге мемлекеттік баж өндірілсін.

Шешім түпкілікті нысанда шығарылған күннен бастап, ал сот талқылауына қатыспаған тұлғалармен өздеріне шешімнің көшірмелері жіберілген күннен бастап бір ай ішінде Қызылорда облысының мамандандырылған ауданаралық экономикалық соты арқылы Қызылорда облыстық сотының азаматтық істер жөніндегі сот алқасына АПК-нің 403, 404-баптарының талаптары сақтала отырып, апелляциялық шағым беруі, прокурормен апелляциялық өтінішхат келтіруі мүмкін.

Судья С. Умарсирикова

Құжатқа қол қойылған: Умарсирикова С. С., 29.05.2026

Заңды күшіне енген күні: 30.06.2026, судья Умарсирикова С. С., 30.06.2026

4360-26-3-1/686